

KASE директорлар кеңесі "Мәскеу Биржасы ММВБ-РТС" БАҚ-мен қосымша келісім жасауды мақұлдады

[/KASE, 04.02.19/](#) - Қазақстан қор биржасының (KASE немесе Биржа) Директорлар кеңесі 2019 жылдың 23 қаңтарында Биржамен ерекше қатынастармен байланысты тұлға "Мәскеу Биржасы ММВБ-РТС" БАҚ (MOEX), 2018 жылдың 10 қазанындағы №Д-2018-2061 қор нарығында техникалық қызмет көрсету келісім-шартына №2 қосымша келісімді мақұлдады. Аталмыш келісімге Биржа мен MOEX 2019 жылдың 24 қаңтарында қол қойды.

KASE Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 26 қыркүйегіндегі шешімімен стратегиялық ынтымақтастық және MOEX тиісті мәмілелер жөнінде келісім жасасуды мақұлдағанын ескертеміз. Толық ақпарат https://kase.kz/files/for_shareholders/soglashenie_KASE_MOEX_1.pdf мекен-жайында орналасқан.

[2019-02-04]